

ОТЫЗ ЖЫЛДАН

1974

2004

КЕЙІНГІ КЕЗДЕСУ



ҚАЗАҚ

УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

№ 4 (1329) 21-маусым, 2004 жыл



Газет 1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

Арнайы нөмір
Спецномер

Түлектер басқосуы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің журналистика факультетінде соңғы уақытта түлектермен кездесу дәстүрі қайта қолға алынып, жылдан-жылға тың серпін, жаңа мазмұн алып келеді. Соның бірі маусым айының 11-і күні болып өтті. Бұл жолы білім ордамызға осыдан 30 жыл бұрын, яғни 1974 жылы бітірген түлектер жиылды. Мұндай басқосудан шәкірттер алар үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие мол-ақ. Себебі, олар тұлға ретінде қалыптаса білген аға буын мысалынан ертеңгі өздерін іздейді. Білімнің кіші Меккесіне тәу етушілер артында осындай ғибрат қалары анық.



ЖЕТПІС ТӨРТТЕ ЖЕЛКЕН КЕРГЕНДЕР



жатады. Түн болса тоқсан тоғай аралайтын бойдақ жігіттер сакалы жоқтар қауымын - алма мойын, аршын төс тотай қыздарды киноға тобымен шақыратын. Ол ұрпақ сынақ-емтихандарға да бірлесіп дайындалып, өзгенің кішкентай қуанышын өз табысындай қабылдай алар еді. Ал қазір ше? Замана амалы солай шығар, бүгінгі буында ағайынның ауласында арық ит үргенге ауыл болып намыстанар жанашыр мінез жоғалып бара жатқан сияқты.

Студенттік дәурен - адам өмірінің астын сызып қоярлықтай ұмтылмас сәттерінің бірі. Курстас атанғандардың бір-біріне қыз алыспас ағайындардай тым жақын болып кететіні бар. Бұл сезімді отызжылдыққа ат-көлігін қамдап алыстан жетіп, кеуделерін сағыныш сазы керней келген парталастар дидарынан анық аңғаруға болатын еді. Ескі достар бір-бірінің бет-жүзіне уақыт салған суретке тандана қарасып жатты. Біраз ер азаматтардың маңдай шашы кері қашып, онысы ұнға аунатып алғандай ақ түс алып үлгерген. Бота тірсек бұрымды қыздар бөйбіше атанып, алды бүгінде бес-алты немереге ерін жібітіп отыр.

Алқа-қотан жиында арқа-жарқа өңгіме толастар емес. Барлығы өткен-кеткенді еске алысып, қауқылдаса құшақ жайған қалпы мәре-сәре күйге енген. Несін айтасыз, ол кездің киім үлгісі өзінше бір ерекше еді ғой. Басқа кигенің мексикалықтар мәнеріндегі ши қалпақ, қолға ұстағаның ивандардан ауысқан гитара. Аяғыңда платформа аталар биік өкшелі туфли. Ол тұяғымен қоқыр тасты қопарар бұқаға тән екпін береді. Тротуардың шаңын көтерер кең балақты колокола шалбарыңмен аула сыпырушының жарты жұмысын орындап тастап, сабаққа қарай сызғытып бара жатқаның.

Сол кездегі қоғамдық формацияға тән мүлікке деген ортақтық психология адамаралық қатынастарда да көрініс беріп



Біздің қоғам демократиялық қағидалардың мықтап орнығуына басымдық беріп келеді. Білім кеңістігімізде жүріп өткен реформалар реті студенттерге таңдау құқығын алып келгені мәлім. Бұл жоғарғы оқу орындары үшін имидж қалыптастыру, пиар мәселесімен айналысу бірінші мәндегі қажеттілік екенін алға тартуда. Абитуриент таңдау жасағанда білім мекемесіндегі профессор-оқытушылар құрамының біліктілігіне, материалдық-техникалық базасының қандай дәрежеде жасақталғанына және оны бітірген түлектердің бағындырған биігіне баса назар аударары хақ. Ендеше, аталмыш шараның біздің мүлкіндіктерімізді танытарлық жарнамалық сипаты да бар. Журналистика факультетінің деканы Бауыржан Жақып кездесуде сөйлеген сөзінде осы мәнзілдес ойды өрбіте келіп, ұжымның бүгінгі тыныс-тіршілігіне, алда тұрған мақсат-міндеттерге қысқаша тоқталып өтті. Келген қонақтардың әрбіріне естелік ретінде ұжым атынан тарту-таралғы жасалды.

Одан соң курстың кураторы болған профессор Әбілфайыз Ыдырысов сөз алып, кешегі студенттерін дәріс үстіндегідей түгендеп шықты. Барлығы орындарынан тұрып, бақилық болған замандастарын бір минут үнсіздікпен еске алысты. Әбекең қызығы мен шыжығы мол сол жылдардан кеудеге естелік болып

біткен сырлы әңгімесін ағытты. Әрбір шәкіртіне жеке-жеке тоқталып, олар жеткен табысқа қуанып, сырттай тілеулес болып жүретінін білдірді. Олардың қатарында білім-ғылымда, әдебиете нем баспасөз саласында есімдері ел аузында жүрген Намазалы Омашев, Жүрсін Ерманов, Жанболат Аупаев, Тұрсын Жұртбаев, Асқар Егубаев, Несіпбек Айтов, Бақытжан Майтанов секілді азаматтар бар. Біз ұстаз жеңісі, оның шығармашылық өмірі шәкірттері арқылы да жалғасын таба береріне тағы да бір куә болдық.

Кейінгі кезекте "Егемен Қазақстан" газетінің бас редакторы Жанболат Аупаев курстастар атынан сөз алып, өз тілегін білдірсе, Намазалы Омашев, Жүрсін Ерманов, Қосылған Әбжанов, т.б. азаматтар да студенттік кезден есте қалған қызықты оқиға, төтті әсерлерімен бөлісті. Олар қиял кемесімен сол дәуреннің айдынына саяхатқа шығып, жолай тоқтаған әрбір порттары туралы әсерлі естеліктер айтысты.

Кеш барысында қонақтар факультет студенттері күшімен ұйымдастырылған концерттік бағдарламаны тамашалады. Магистрант, айтыс ақыны Талант Арғынғали түлектерге деген өз тілегін арнау өлеңімен білдірсе, "Жанартау" тобы тамылжыған әсем өнімнен жүректерді тербеді. Соңғы уақытта өзінің пародия салу қабілетімен ереше таныла білген шәкіртіміз, "Терісқақпай" театрының актері Олжас Сыздықбековтың өнеріне де қол соғушылар аз болған жоқ. Мың бұралған би де, күмбірлеген күй де орындалып, көз тойдырып, құлақ құрышын қандыра білді. Кездесудің ресми бөлімі осылайша жоғары нотамен аяқталды.

Қазіргі таңда факультетте жаңа мамандық, жаңа кафедралар ашылып, ұжым басшылары

қоғамдық сұранысқа жауап беру мақсатында аянбай жұмыс істеуде. Баспасөз лабораториясы, жеке оқу залы өмірге келіп, теле-радио-фотостудияларда моральдық тұрғыдан тозығы жеткен техникалар толығымен жаңартылды. Сөйтіп, оқу процесінің сапалық қабілеті артта түспей. Бұл жетістіктердің бәрінде осы курстың старостасы болған, журфакты жеті жыл басқарған Намазалы Омашевтың қолтаңбасы бар. Қазіргі заманға сай жаңара түскен факультет келбетімен танысып шыққан түлектердің бұған анық көзі жетті. Өздері ұшқан ұяның бүгінгі болмысын басбармақпен бағаласты. Және осы әсерлерін университет мұражайындағы қолтаңба кітабына жазып қалдырды.

Жақында газеттен бір мәлімет оқыдым. Ғарыш кемесі жер шарын 90 минутта айналып шығады екен. Соның ішінде көлемі шағын Англия, Германия, Жапония сияқты мелекеттердің үстінен 40-50 секундта өтсе, Қазақстан үшін 6 минут жұмсайтын көрінеді. Бұл - даласының дархандығын көңіліне көшірген қазаққа төңірден бұйырған несібе! Осынау кеңбайтақ еліміздің түкпір-түкпіріне тарыдай шашырап, жетпіс төртте желкен керген буынды жер шалғайлығы жиі арластыра қоймағаны кәдік. Бір-бірін әбден сағынысып қалғаны да осыдан. Олай болмағанда ше? Еуропалық елдердің өлшеміне сәләр болсақ, астаналық Несіпбек Айтов пен қызылордалық Оңалбай Садықовтың арасы шекарамен бөлінерліктей қашықтық қой...

... Қоштасар мәуріт таянды... Бірақ, қозы жасынан бірге өскен өрісі ортақ достар асығар емес. Отыз көктемнен соң жолығысқан олардың көзінде қимастық нұры ойнап, бір-бірінен ұзап кетпей қалуға себеп іздеп өуре...



Бекжан ӘШІРБАЕВ

● Сұхбат

Әбілфайыз Ыдырысов - қаншама шәкірт тәрбиелеген ұлағатта ұстаз. Оның 1965-1993 жылдар аралығындағы ширек ғасырдан астам өмірі қазақ білімінің қарашаңырағы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өтті. Университеттің журналистика факультетінде қызметте болып, аға оқытушылықтан доцент, профессор дәрежесіне дейін көтерілді, факультет деканының орынбасары қызметін де атқарды. Ә.Ыдырысов – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер одағының Кәкімжан Қазыбаев атындағы сыйлығының лауреаты.



Әбілфайыз ЫДЫРЫСОВ:

“Мен ұстаздық бақытқа ие болған адаммын!”

- Ұстаздық жолға қалай келдіңіз? Әңгіме тәркінін сіздің ұстаздық еңбек жолыңыздан бастасак.

- Мамандықтың бәрі керемет, бірақ ұстаздық мамандық – бәрінен де биік мамандық. Өйткені, ұстаз деген – ұрпақ тәрбиелеуші, болашақ маман иесін дайындаушы адам. Нақты санын айтар болсам, осы уақытқа дейін мен 402 ұл-қызды тәрбиелеп, олардың болашағына бағыт-бағдар бердім. Бұл мен үшін үлкен қуаныш, бақыт!

Мен 1952-1953 жылдары ҚазМУ-дің филология факультетінің журналистика бөлімін бітірдім. Кейіннен журналистика өз алдына факультет болып құрылып, тұңғыш аспиранты болып түстім. Аспирант бола жүріп, Қалижан Бекхожиннің шәкірті ретінде студенттерге “Қазақ баспасөзінің тарихы” пәнінен дәріс оқыдым. Ал, 1954-1965 жылдар аралығында “Лениншіл жас” басылымында қызмет етіп, әдеби редактордан жауапты хатшыға дейін көтерілдім. Содан кейінгі уақытта “Қазақстан пионері” балалар газетінде бас редактор бола жүріп, университетте дәріс оқыдым.

- Редакторлық жұмысты тастап, ұстаздық жолға түсуіңізге не түрткі болды?

Бір күні ұстазым, журналистиканың іргесін көтерген азаматтардың бірі Қалижан Бекхожин: “Сен ұшқан ұяңа қайта орал, бізге керексің”, - деді. Содан кейін, яғни 1965 жылы қарашаңырақ ҚазМУ-ге доцент болып келдім. Биыл университетімізге жетпіс жыл толып отырса, менің киелі орданың қабырғасында жүргеніме елу жылдай уақыт болады екен. Сондықтан да, мен өзімді университеттің ішкі өмірін, ішкі тынысын жақсы білетін адаммын деп санаймын. Кеше ғана мен белді кісілердің шәкірті болсам, енді бүгін үлкен-үлкен халық азаматтарының ұстазы болып отырмын. Маған ұстаздық жолда рух беріп,

қанаттандырған сол кісілердің білімі мен сенімі деп айтар едім.

- Кураторлық еткен шәкірттеріңіздің бір тобы биыл өздерінің оқу бітіргенінің 30 жылдығын атап өтті. Студенттеріңіз туралы айта кетсеңіз.

- Биыл бітіргендеріне 30 жыл толған түлектеріме, шәкірттеріме куратор болып тағайындалғанда мен 39 жаста болатынмын. Бұл кезде мен жаңа келген балаң оқытушы емес, әбден

дамапты. Олар бүгінде халық адамдары болып отыр...

- Шәкірттеріңізбен болған қызықты сәттеріңіз есіңізде ме?

- Қызықты сәттер көп болды ғой. Бірақ менің шәкірттеріммен алғаш танысуым ерекше есімде қалыпты. Біз студенттермен танысқан сәттен-ақ арнайы тапсырмамен Панфилов ауданы Киров колхозына ауылшаруашылық жұмысына аттандық. Мен алғашқы кезде ұстаз ретінде өзімше қоқиланып, студенттерден бөлек отырғанмын. Бір уақытта автобустың артқы жағында студенттермен қатарласа жайғасқан Айкүміс есімді қыз “Ақ бантик” өнін шырқай жөнелді. Өлгінде өзімше болып отырған

мен Айкүміске қосыла шырқай жөнелгенімді сезбей қалыппын. Бұл тірлігіме студенттер біресе тандана, біресе күле қарайды. Бұным да жақсы болыпты. Әйтпесе, шәкірттерім мені басқаша қабылдар ма еді?! ...Содан кейін Қарай деген жерге келіп тамақтанатын болдық. Асханаға кірген бойда-ақ, талдырмаш бойлы, өңді жігіт жүгіріп қасымнан шықпай қойды. Өзім де оның ширақтығын ұнатып



Суретте: Журфактың ұстаздары (солдан оңға қарай): М.Қалдыбаев, Ә.Ыдырысов, Ә.Райымбеков, Т.Кожеев, Н.Омашев, М.Барманқұлов, Қ.Хусайнов. 1979 жыл.

тәжірибе жинап қалыптасқан ұстаз болатынмын. Менің алдымнан талай ұрпақ өтті. Бұған тоқталмас бұрын, алдыңғы толқын туралы айта кеткенім жөн шығар. Ол ұрпақтың қатарында Ақселеу Сейдімбеков, Қойшығара Салғарин, Шөмішбай Сариев, Жарасқан Әбдірашевтар бар. Одан кейінгі ұрпақ – жетпісінші жылдардың қарсаңында түлеп ұшқан ұрпақтар легі. Олар ерекше болатын. Алғаш танысқан сәттен-ақ өздерін көрсете білді. Қоғамдық жұмыстарға көп араласатын. Қазір менің ескі қызыл журналым сақтаулы тұр. Ішінде осы шәкірттерімнің сабақ үлгерімі түгелдей жазылған. Сол кезде-ақ мен болашағынан үміт күттіретін белсенді студенттердің астын сызып, белгілеп қойғанмын. Ұстаздық көңіл ал-

қалдым. Есімі – Намазалы екен. Мен оны сол сәттен-ақ топтың старостасы етіп сайладым. Колхоз жұмысында біз осылай жақын танысып, етене араласып кеткен едік. Олардың да араларындағы достық қатынас нығая түсті.


- Шәкірттеріңізге айтарыңыз бар ма?

- Шәкірттерім бірсыпыра жерге жетті, өз деңгейлеріне көтерілді. Мен олардың өмірінің соңғы сәттеріне дейін халқына қызмет етуін қалаймын! Журналист халықтың қолына су құятын адам болғандықтан, қазақ халқының рухы мен жанын тәрбиелеуде аянбай еңбек етуін тілеймін!


- Әңгіменізге рахмет! Ұстаздық еңбегіңіздің жемісін көре беріңіз!

Сұхбаттасқан
Руслан БӨЛЕБАЙ

Өмір-дерек



Тұрсын Жұртбай
Құдакелдіұлы



1951 жылы 15 тамыз күні Семей (қазіргі Шығыс Қазақстан) облысы, Абай ауданының Шаған ауылында туған. 1968 жылы Кеңес Одағының Батыры Жанғазы Молдағалиев атындағы орта мектепті бітірген. 1968-1969 жылы “Қызылту” кеңшарының бөлімше бухгалтері-есепшісі болып істеді. 1969-1974 жылдары қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде оқыды. 1974-1976 жылдары Алматы облыстық “Жетісу” газетінде әдеби қызметкер, 1976-1980 жылдары “Білім және еңбек” (қазіргі “Зерде”) журналының әдеби қызметкері, жастар редакциясының меңгерушісі, 1980-1990 жылдары “Жұлдыз” журналының әдеби қызметкері, сын бөлімінің, проза бөлімінің, поэзия бөлімінің, очерк және публицистика бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының М.Әуезов мұраларын зерттеу бөлімінің (мұражай-үйінің) аға ғылыми қызметкері (1990-1993), бөлім (мұражай) меңгерушісі (1993-1996) “М.Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының директоры (1996-1998), әдебиет және өнер институтының докторанты, аға ғылыми қызметкері (1998-2000), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінің аға оқытушысы, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясының аға оқытушысы, “Қазақ газеттері” ашық акционерлік қоғамының ғылыми кеңесші редакторы (2000-2001) қызметтерін үйестіре атқарды. Ал 2001 жылдың наурызынан бері Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жанындағы “Отырар кітапханасы” ғылыми орталығының директоры.

Тұрсын Құдакелдіұлының “Абай шыңы - Мұхтар шыңы” атты алғашқы мақаласы 1966 жылы мектеп оқушыларының республикалық конкурсында бәйгеге ие болып, баспасөзде жарияланды. Содан бері қазақ сөз өнерінің барлық жанрына қалам тартып, өзіндік қолтаңбасын қалыптастырды. Ол “Замандасым, сырласым” (публицистика, 1976), “Қоңыр қаз” (1978), “Жүрегімде - жұмыр жер” (1980) атты жыр жинақтарының, “Бесқарагер” (повестер, 1982), “Дара тұлға” (деректі хикаят, 1984), “Жер - бесік” (роман-новелла, 1985), “Бабочка под снегом” (орыс тілінде, 1990), “Талант Калибека” (орыс тілінде, 1982) атты прозалық шығармалардың авторы. Бұл туындылар қаламгердің өзіндік жазу мәнері мен философиялық-лирикалық сипаты арқылы ерекшеленеді. “Бейуақ” (1990), “Дулыға” (1-2 кітап, 1994), “Кетбұға” (1996), “Бесігінді түзе!..”, “Талқы” (1997), “Мұхтар Омарханович Ауэзов” (түрік, орыс тілдерінде, Анкара, 1997), “Күйесің, жүрек, сүйесің!” (2001) атты деректі ғылыми кітаптары қазақ ұлтының 3 мың жылдық рухани тарихын қамтыған көркем ой-толғамдары болып табылады.

Тұрсын Жұртбайдың өмірлік-шығармашылық мақсатына айналған үлкен тақырып - абайтану мен әуезовтану саласы. Бұл бағытта ол “Бесігінді түзе!..”, “Бесігінді ая!..”, “Бесігінді аяла!..”, “М.О.Әуезовтің шығармашылық өмірі мен көркемдік әлемі”, “Абай және рухани туелсіздік мәселесі” атты монографиялар жазды. Жазушы-ғалымның ғылыми жетекшілігімен “М.О.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі” (1997, 64 б.т.), “Мұхтар Әуезов туралы естеліктер” (1997), “Әуезов әлемі” (1997), “Абай жолы” роман-эпопеясының ғылыми-текстологиялық салыстырудан өткен басылымы (1997), М.О.Әуезов шығармаларының елу томдық толық жинағының 1-3 томы (1997-1998), М.Әуезовтің “Ескермедім, қабылдамадым...” (1998) атты ашық хаттар жинағы жарық көрді және оның қатысуымен “Мұхтар Әуезов” энциклопедиясы дайындалды.

Ол 1990 жылдан бастап Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік қызмет Академиясында абайтану, әуезовтану, жазушының шығармашылық психологиясы, Еуразия романдарының типологиясы, сөз мәдениеті (саяси шешендік) бойынша арнайы курстан дәріс берді.

“Бейуақ” монографиясының негізінде кандидаттық (1992), “Бесігінді түзе!” зерттеу кітабының негізінде докторлық (2000) диссертация қорғады. Көркем шығармалары әлемнің 15 тіліне, ал ғылыми еңбектері ЮНЕСКО-ның ресми тілдеріне аударылған. Қазақстан Жазушылар одағының Ш.Құдайбердіұлы атындағы “Алаш” және І.Жансүгіров атындағы әдеби сыйлықтарының лауреаты. Пәкістан Республикасының (1996) Құрмет Грамотасымен марапатталған. ҚР ғылымына еңбек сіңірген қызметкер.

Тұрсын Құдакелдіұлы Жұртбай қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. 1987-1991 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының праволық комиссиясының төрағасы, 1991-1996 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының жанындағы сыншылар мен әдебиет зерттеушілері Ассоциациясының президенті, 1992-1997 жылдар аралығында М.О.Әуезов атындағы халықаралық қайырымдылық қорының президенті қызметін атқарды. Қазір, кезінде Александрия кітапханасынан кейінгі екінші білім ордасы атанған “Отырар кітапханасын” қалпына келтіру мақсатында еңбектеніп жатыр.



● Ассоциация "Шамшырақ"

- Намазалы Омашевич, в студенческие годы как староста курса вы были организатором встреч студентов со знатными людьми: деятелями искусства и литературы, ветеранами труда. Общение с такими людьми как-то повлияло на становление Вас как личности?

- Да, конечно. Гостями нашего курса были академик национальной Академии, Герой Советского Союза, писатель и литературовед Малик Габдуллин, известные писатели Ильяс Есенберлин и Ануар Алимжанов, поэт Олжас Сулейменов. Эти встречи оставили самые приятные воспоминания. Ведь биографии таких



Учиться, трудиться и воплощать

Окончание вуза, пожалуй, одно из самых ярких событий в жизни молодых людей. Воспоминания о студенческой поре согревают душу человека всю жизнь, и традиционные встречи однокурсников дают им возможность вернуться в то прекрасное время. 11 июня 2004 года выпускники 1974 года факультета журналистики собрались вместе в родном университете в связи с 30-летием его окончания. Один из них - вице-президент Ассоциации выпускников КазГУ "Шамшырақ", проректор по воспитательной работе и языкам КазНУ им. аль-Фараби, зав. кафедрой ЮНЕСКО факультета журналистики, д.ф.н., профессор Н.О. ОМАСHEВ в интервью газете "Казак университеті" рассказал о своих студенческих годах.

людей воспитывают молодое поколение, и для нас они были героями нашего времени, личностями. Особенно запомнилась встреча с автором книги "Аз и Я". Тогда весь мир по-новому взглянул на историю казахского народа, на историю и развитие языка. Олжас Сулейменов пробудил огромный интерес к изучению проблемы своим неординарным подходом, уникальными историческими и лингвистическими находками. Мы гордились такими встречами и писали о них в студенческом литературном альманахе и стенной газете.

- Вы участвовали в выпуске факультетского литературного альманаха "Толқын", стенгазеты "Жас тілші". Помогло ли Вам это в дальнейшем как журналисту?

- Я был членом редакционной коллегии альманаха "Толқын", и материалы, прежде чем быть опубликованными в альманахе, бурно обсуждались, ведь и авторами выпуска, и корреспондентами,

и журналистами были сами студенты. Это было солидное издание, и первая "проба пера" не оставалась незамеченной.

Стенную газету "Жас тілші" мы выпускали до 30 метров в длину. Когда был готов номер, редакционная коллегия вывешивала его в старом корпусе, от вестибюля до кафедры истории КПСС, и на целый месяц газета становилась объектом повышенного внимания и студентов, и преподавателей университета. Наши статьи критиковали, цитировали, хвалили. Мы писали не только о нашей учебе, но и об отдыхе студентов, работе стройотрядов во время трудового семестра. Это были первые ступеньки в нашей журналистской работе.

- Вы трудились в составе студенческого строительного отряда и были командиром ССО "Журналист-2". В 1972 году ваш отряд в Торгайской области занял 1 место по району. Изменили ли Вас в то вре-

мя такие "трудовые семестры", ведь нужно было ребят организовать, дать возможность хорошо заработать?

- Я возглавил бригаду в 1971 году. В 1972 мы поехали покорять Торгайскую область в составе 45 человек. Десять из нас вернулись, не выдержали трудностей. В бригаде царил "сухой закон". Каждое утро в 6 часов мы выходили на построение, бригадиры докладывали мне о проделанной работе. В 7.30 мы были на объекте. За доставку материала я отвечал сам. На самосвале уезжал за 500 километров по бездорожью, в ночь, доставлял песок, стройматериалы и т.д. В стройотряде были свои повара, мастера, учетчики. Мы работали, как настоящие строители, не давая поблажки в первую очередь себе, ведь твоя работа влияла на работу всей бригады. Отряды соревновались, стремились стать лучшими. Благодаря такой жесткой дисциплине, мы хорошо зарабатывали, могли помочь своим родным, близким. Это была замечательная школа мужества.

- Вы были награждены как лучший командир медалью "10 лет ССО" и значком "Отличник ССО". Чем Вам дорога эта награда?

- Это самые интересные годы моей юности. В 1972 исполнилось 10 лет со дня создания первого студенческого строительного отряда, и меня наградили медалью и значком "Отличник ССО". Вручал медаль сам секретарь Алматинской области А. Аскаров. Эта награда мне дорога тем, что заслужили мы ее вместе, сообща, всем отрядом.


Сейчас появилась идея возрождения студенческих строительных отрядов. И если все это не станет очередным "парадным" мероприятием, то у молодых ребят появится блестящая возможность проявить свои лидерские качества, трудолюбие, умение работать в коллективе.

- Спасибо за интересную беседу.

Г.М. РАХИМОВА,
к.и.н., координатор
ассоциации
"Шамшырақ"



Өмір-дерек



Омашев Намазалы
Омашұлы



1950 жылдың 19 қаңтарында Жамбыл облысының Мерке ауданында дүниеге келген. Ол филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның Жоғарғы мектеп ғылымдары академиясының толық мүшесі (академигі), Қазақстан журналистикасы академиясының толық мүшесі (академигі), Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Н.О.Омашев С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген (1974), Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінде кандидаттық диссертациясын (1984), докторлық диссертациясын (1992) қорғаған. Еліміздегі радиожурналистика саласындағы алдыңғы қатарлы маман.

Ғылыми-зерттеу қызметінің негізгі бағыттары: радиожурналистиканың теориясы мен тарихы; шетел журналистикасы мен журналистика ғылымының мәселелері.

Өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері: Қазақ радиосының редакторы (1974-1977), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушысы (1977-1979), аға оқытушысы (1979-1984), доценті (1986-1992), профессоры, радиожурналистика кафедрасының меңгерушісі (1993), ЮНЕСКО профессоры, журналистика факультетінің деканы (1995), ЮНЕСКО-ның бұқаралық байланыс пен журналистика кафедрасының меңгерушісі, журналистика бойынша Диссертациялық кеңестің төрағасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің проректоры.

Н.О.Омашев журналистика факультетіне басшылық жасаған жеті жылдың ішінде факультет халықаралық деңгейге көтерілді, аты республикаға ғана емес, шетелдерге де кеңінен танылды. Факультет республикадағы барлық БАҚ-тарға сапалы журналист мамандар даярлайтын ұстаханаға айналды, халықаралық байланыстар нығайтылды. Жеті кафедрада 80-ге жуық профессорлар мен оқытушылар қызмет атқарды, 1000-ға жуық студенттер білім алды. Факультетте радио-телефотостудия, компьютерлік класс, шағын баспахана, параболантикалық антенна орнатылған ЮНЕСКО кафедрасы жұмыс істеді.

Н.О.Омашев - Қазақстанның көрнекті ғалымдарының бірі. Ол 3 монографияның, 4 ғылыми-публицистикалық еңбектер жинағының, 6 оқу құралдарының және 220-дан астам ғылыми, публицистикалық мақалалардың авторы. Оның жетекшілігімен 15-ке жуық кандидаттық диссертациялар қорғалған. Н.О.Омашевтың ғылыми еңбектері қазақстандық ғылыми ортада ғана емес, сонымен қатар алыс-жақын шетелдерде де үлкен резонанс тудырған. Намазалы Омашұлы Лас-Вегаста (АҚШ), Монреал (Канада), Париж (Франция), Москвада (Ресей) өткен халықаралық конференцияларда жоғарғы кәсіби бағаға ие болды.

Ғылыми-жұмыстарының қорытындылары зор ғылыми, ағартушылық және мәдени маңызға ие. Оның зерттеу жұмыстарының негізінде ҚазҰУ-дегі журналистік білім дамуының Тұжырымдамасы жасалынған. Профессордың басшылығымен "Журналистика" мамандығы бойынша мемлекеттік білім стандарты, бакалаврлар мен магистрларға арналған квалификациялық стандарттар мен типтік оқу жоспарлары жасалынған. Профессордың бастамасы және ұйымдастыруымен факультеттегі жана мамандықтар - "Баспа ісі", "Қоғаммен байланыс", "Халықаралық журналистика", сондай-ақ, радиожурналистика, халықаралық журналистика, баспа ісі мен редакциялау, БАҚ менеджменті мен жарнамасы кафедралары ашылған.

Н.О.Омашев - танымал публицист, оның мақалалары республикалық газет-журналдарда жарық көріп тұрады, радио және телебағдарламаға жиі қатысып отырады.

Публицистің қаламынан туған жолсапар және портреттік очерктері, рецензия, ғылыми мақалалары, фельетондары оның шығармашылық дарыны мен публицистік шеберлігін айғақтайтын "Жол үстінде - журналист" және "Белестер" атты кітаптарында топтастырылған. Оның шығармаларында нақты өмірдің шындық бейнелері мен көріністері дәл берілген.

Бір кездері шығармашылығын очеркист ретінде бастаған ол кейін келе деректі прозаға қарай ойысады. Қаламгердің өмірдің әлеуметтік жағын зерттеген мақалалары, шетел сапарларынан жазылған жолсапар очерктері оқырмандарын әрқашан жаратылыс мәніне үңілуге шақырады.

Публицист очерктері нәзік лиризмге толы, сезімге әсер ететін бейнелерімен есте қалады. Ал фельетондары оның сатириктік қырын танытады, оқырмандардың есінде ирониялық тапқыр тіркестерімен, сәтті қолданылған юморлық эпизодтарымен, күлкілі диалогтарымен қалады.

Марапат белгілері: "Білім және еңбек" атты ғылыми-танымдық журнал сыйлығының (1981), Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының (1989), Қазақстанның А.Байтұрсынов атындағы Журналистер одағы сыйлығының (2000) лауреаты.

2002 жылы Н.О.Омашевқа Кембридждің (Англия) Халықаралық өмірбаяндық орталығы Жыл адамы деген атақ берді, "Тану декларациясы" мен "Құрмет медалімен" марапатталған. 2003 жылы "Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін" медалі берілді. 2004 жылы Жамбыл облысы, Мерке ауданының "Құрметті азаматы" атағы берілді.





Көңілде тұнып қам-шері,
Сан жылдар өтті сал-сері.
Бауырға басып сүйсем де
Басылмай қойды жар шөлі.

Бір өштім,
Қайта бір жандым.
Булығып, қайта бұр жардым.
Тарқамай қойды құмарым,
Тарығып жүрген бір жанмын.

Аптығып сүйдім, сүйіндім,
Қақтығып күйдім, күйіндім.
Қаталап шөлім қанбады,
Қапырық болды түнім мың.

Қасіретім менің де қара түндей,
Кездерім аз секілді мұндабаған.

Алдайды деп аңқаулау елімді кім,
Жұртын үшін түн ұйқың бөлінді мың.
Махамбетті қинаған сол уайым
Иініменен басады менің бүгін!

Ұқсап-ақ түр сақалым, мұртым да оған,
Жыр да жазып қоямын бұлқылдаған.

сұрақты артық,
Махамбеттен - кететін бір-ақ тартып,
Бара жатыр арамыз жырақ тартып.

Күн өткізіп желікпен, сауықпенен,
Қызығымды сайраннан тауып келем.
Махамбетке ұқсасак - арман қайсы,
Ұқсайтыным аз ба деп қауіптенем!

Ақынның үйі

Дегені қайда басылды құйын -
Ақылым жетпей,
Ашиды миым:
Виноградов көшесіндегі
Қиратып жатыр Қасымның үйін!

Сүймеген өмір - қасірет, Сүйіп те тыншы алмадым

Өмір-дерек

Ерман Жүрсін Молдашұлы



1980 жылға дейін Жезқазған облыстық
теледидарында аға, бас редактор.

1980-1982 жылдары Алматы Жоғары
партия мектебінде тыңдаушы.

1982-1991 жылдары Қазақ респу-
бликалық теледидарында бас редактор.

Одан соң "Аққұс" қауымдастығында
вице-президент, "Қазақ әдебиеті" мен
"Жұлдыз" редакция алқасының мүшесі,
бөлім меңгерушісі.

2003 жылдың қаңтарынан бері
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінен жетекші ғылыми қызметкер.

Қазіргі ақындар айтысын ұйымдастырушы белгілі өнер жанашыры. Бес-алты
кітаптың авторы, М.Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты. Үш бала, тоғыз
немеренің атасы. Жұбайы Бақытжамал Ерман - белгілі теледидар, тележурналист.

Ішінде келем әлі оттың,
Ішімде отпен әлекпін.
Есімді танып тұрсам да
Есіркеу тағы дәметтім.

Қанағат тегі таппадым,
Алаулай берді аптабым.
Жұбанбай қойды жүрегім,
Жұбатар оны жоқ халім.

Таттым деп бақыт бал дәмін,
Өзімді өзім алдадым.
Сүймеген өмір - қасірет,
Сүйіп те тыншы алмадым.

Көңілде тұнып қам-шері,
Сан жылдар өтті сал-сері.
Бауырға қанша бассам да
Басылмай қойды жан шөлі.

Патшамын, кейде пақырмын,
Аңызак қинап аһ ұрдым.
... Махаббатымның шөлінде
Шөліркеп келе жатырмын!

Махамбет және біз

Көңіл қошы болғанда кей күні ағам:
- Махамбетке ұқсайсың,- дейді маған.
Оңашада айнаға көз тастасам -
Шынында да Махамтын.
Айнымаған.

Ұқсайтындай түрім де, тұлғам да оған,
Жүрісім де ұқсайды бұлғандаған.

Өтемістің ұлына сенгеніндей
Сенбей қойды алайда жұртым маған!

Соны сезіп, күн кешем тағы ышқынып.
Ер Махаммен өзімді салыстырып.
Көлдендеп келеді көз алдыма
Бәріңе де таныс сөз.
Таныс қылық.

Шаруамды қия алмай шайқалмаған
Қылыш шындық алдында қайқаңдағам.
Кезім аз ба - мен айтсын деген кезде
Қара қылды қақ жарып айта алмаған!

Қынабында тоздырып кездігімді,
Күйттеп жүрген көбенмін өз күнімді.
Талағым тарс айрылар жерлерімде
Үндемеген не қылам ездігімді!

Босағамды бір мезгіл аттаса ақпан
Дос адамды иттігім жоқ па сатқан?
Кездерімді қайтейін бұғып қалған,
Қылышымды қайтейін боққа шапқан!

Жан бағуға жол тауып жарайтындай
Ақиқаттың жатқанда бәрі айтылмай.
Біздің күйкі тірлікке Исатайым
Тастөбемнен түнеріп қарайтындай!

... Өсекші өлең,
Отырсын сыр ақтарып,
Жақтырмайтын жанбыз біз

Шақұр да шақұр шаққанда әйнегің,
Ажалдың сездім ақпандай лебін.
Бір-бірлеп сөгіп қабырғаларымды
Кеудемді бұзып жатқандай менің!

Төбесі үйдің ашылды міні,
Бұрқырап тозаң, шашылды күлі.
Топырақ шашып жатыр ма дерсің
Қиянаттарға Қасымның үйі!

Мезгілдің мойырт кесімі сынды
Пеші құлады.
Есігі сынды.
Ақынның соңғы мекені еді -
Сәби жырлардың бесігі сынды!

Үй керек емес Қасымға енді,
Қарайып тұрса басында белгі,
Күркілдеп жүріп кешірет ақын
Меманасы бұл тасынған елді!

Алдымда сенің елесін тұрды,
Төңірдің өзі жебесін жырды.
Жаутандап маған қарайды ұлым:
"Ақынның үйін неге сындырды?"

Шешімін алса қалалық совет -
Қиратар үйді бар анық себеп.
"Ұғынып" өскен мен ұғармын-ау,
Қорқамын бірақ балам ұқса деп!


Тағы бір сауал тұрғандай ойда.
Тахауи қайда?
Сырбайлар қайда?
Ақынның үйін қиратып жатыр,
Шырылдап бізбен бірге айғайламай ма!

Шындықтан үміт үзген бе бәрі,
Алқынса жүрек іздер ме дәрі.
Келеді кезек, келеді кезек
Сіздерге де әлі,
Біздерге де әлі!

Дүлдiлiм едi жыр көшiндегi,
Бауырын жазып бiр көсiлмедi.
Қиратып жатыр Қасымның үйiн,
... Бiздiң үй соның iргесiнде едi...



Өмір-дерек



Майтанов
Бақытжан
Қауасқанұлы

1952 жылы туған. 1974 жылы ҚазМУ-ді
бітірісімен, еңбек жолын сол кездегі Қазақ
КСР Ғылым академиясы М.О.Әуезов
атындағы Әдебиет және өнер институтында
бастады. Осы институттың Қазақ совет
әдебиеті бөлімінде кіші және аға ғылыми
қызметкер міндеттерін атқарды. 1978 жылы
филология ғылымдарының кандидаты, 1990
жылы филология ғылымдарының докторы
ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялар
қорғады. Қазір әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-
дің филология факультетінің әдебиет теориясы
және фольклористика кафедрасының
меңгерушісі, профессор.

Қазақ совет энциклопедиясында Бас
редактордың орынбасары (1990), әл-Фараби
атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық
университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында
(1990-1996) аға оқытушы, профессор, Қазақ
мемлекеттік заң университетінің қазақ, орыс,
шығыс тілдері кафедрасында (1996-1999)
профессор міндетін атқарды. Ал 1998-2000
жылдары "Әуезов үйі" ғылыми-мәдени
орталығын басқарды. 2000 жылы ҚазҰУ-де
жаңадан ашылған әдебиет теориясы
кафедрасының меңгерушісі болды. Ол 1994
жылы "Әдебиеттану профессоры", 1997 жылы
ҚР Гуманитарлық ғылымдар академиясының
толық мүшесі атағын алды.

Б.Қ.Майтановтың негізгі еңбектері: "Қазақ
прозасындағы замандас бейнесі" (1982),
"Көркемдік нәрі" (1983), "Қаһарманның
рухани әлемі" (1987), "Қазақ романы және
психологиялық талдау" (1996), «Мұхтар
Әуезов - суреткері» (1996) атты
монографиялар, "Сөз сыны" (XX ғасыр
өдебиетінің көріністері) атты зерттеулер,
мақалалар, портреттер топтамасы (2002),
"Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы" (2001),
"Автор в повествовательной системе казахского
романа" (2003), "Психологизм в
художественной литературе" (2004) атты оқу
құралдары және "Суреттеу мен мінездеу"
(1991) атты методикалық талқылама, академик
З.Қабдоловпен бірігіп жазған "Әдебиет
теориясы және эстетика негіздері пәні"
бағдарламасы (1995), "Әдебиет теориясы"
типтік оқу бағдарламасы (2001; 2003).

Ол Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі
(1983), университет жанындағы Докторлық
диссертация қорғайтын арнайы кеңестің, ҚР
ҰҒА "Хабарларының" (тіл-әдебиет және өнер
сериясы) редакциялық алқа мүшесі.

Б.Қ.Майтановтың "Мұхтар Әуезов -
суреткер" атты оқу құралы 1995 жылы
Халықаралық Сорос-Қазақстан қоры мен
Қазақстан Республикасы Білім министрлігі
бірлесіп өткізген "Гуманитарлық білімді
жаңғырту" бағдарламасы аясында Қазақстан
Республикасы оқу орындарының барлық
түрлеріне арналған гуманитарлық пәндер
бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік
құралдарына жариялаған ашық конкурсына
қатысып, жеңімпаздар қатарына енді.

Өмір-дерек

Сердалиев Қаражан

Жолдамамен Маңғыстау облысында 1974-1990 жылдар аралығында облыстық
газетте қызмет істеген. 1990 жылдан бері мұнай өндіру саласына ауысты.

Зайыбы Күләйша банк қызметкері. Ұлы Арман Шахмардан Есенов атындағы
экономикалық университетті бітірген. Маңғыстау облыстық әкімінің аппаратында
бөлім меңгерушісі. Келіні Жұлдыз - жоғары білімді маман. Немерелері Азамат
пен Аружан.



Өмір-дерек



Есқуатов
Бақыт

1993 жылы ҚР Қаржы министрлігінің баспасөз қызметінің жетекшісі болып ауысады. Кейіннен сонда мемлекеттік тіл бөлімінің бастығы болып тағайындалады. Қазір де аталған министрлікте жұмысын жалғастыруда. Сонымен қатар, Абай атындағы Қазақ ұлттық педогогикалық университетінің журналистика бөлімінде ұстаздық етеді.



1974 жылы университетті бітірген соң, "Теміржолшы" атты Қазақстан теміржолшыларының органы болып есептелген газетке жұмысқа келеді. Осы басылымда қатардағы журналист болып еңбек жолын бастап, кейін бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, көп жылдар редактордың орынбасары, кейін осы газеттің бас редакторы болып, 1993 жылға дейін 19 жыл қызмет істейді. Сөйтіп, теміржол генералы шеніне дейін жетеді. Жолдық газет редакторына теміржолдың қызмет бастығы деңгейінде осындай атақ береді. Сондай-ақ, ол "Құрметті теміржолшы" атағын да қанжығасына байлады.

● Студенттік шақ - бесінші маусым

Мен университет бітіргеніміздің 30 жылдығына арналған кешке шақыру хабары құлағыма тигеннен-ақ студенттік өмірді ой елегінен бір өткізіп алдым...

...1969 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетіне оқуға түсіп, өмірдің ең биік шыңына қол жеткендей, яғни ханға сәлем бермейтіндей көкте қалықтап, көңіліміз шарықтап тұрған кезең еді...

Сол кезеңнің заңына сөйкес студенттер жаппай ауыл шаруашылығына баратын, солардың бірі болып біздер Талдықорған облысы (қазіргі Алматы облысы) Педжиз селосына

- Оу, Әмірғалиев, ерте келсең сабақта неге болмадың?
- Ағай, мен ерте тұрып университетке келе жатыр едім, жолда бір соқыр адам жөн сұралы. Сол кісіге

Бір күні құрылыс материалы жетіспей қалды да, совхоз әкімшілігі тарапынан шошқаларын бір қашардан шалғайлау жердегі екінші қаш арға айдап апаруды ұсынды (өріне, ақылы). Бұрын шошқа қорасының маңайын баспайтын басымыз, енді мал айдағандай (малдан садаға кетсін) шошқаны айдау керек екен. Жігіттер әрекет жасайын деп еді, болмады, не тілін білмейсің, кері айналып қаша береді. Совхоз әкімшілігі (село тұрғындарының көбі басқа ұлт өкілдерінен еді) түсінді-ау деймін, қазақ балаларының доңыз мәселесіне икемі жоқ екендігін

Ұмытпаймыз сол бір кездерді

жүгері жинауға келдік.

Қазақ бөліміне түскен 1-курсты "А" және "Б" тобы деп екіге бөлді. Біздің топта үш қыз (Гүлжамал, Хадиса және мен), 22 жігіт, екінші топта 18 жігіт, 8 қыз болды.

Бізді (қазақ және орыс бөлімін) осы жұмысқа басқарып алып келген журналистика факультетінің сол кездегі аға оқытушысы, біздің кураторымыз Әбілғайып Ыдырысов ағай бірде қазақ бөлімімен жиналыс өткізді. Әңгіме желісі - жүгері жинауға келген біздің тұрмыстық жағдайымыз туралы өрбіді. Сонда Мұратхан Қаниев: "Бізге аспазшы қыздар (олар - орыс бөлімінің қыздары) сылдыратып сорпаны етсіз құйып береді," - деп шағым жасады. Енді қайтсін, түсінуге болады. Қара қойдың жілігін мүжіп, майлы сорпа ішіп үйренген қазақ емес пе?!

Әбілғайып ағайымыз керемет жан ғой, бөрінің тілін тауып, жігін жатқызып, ортақ тіл табысуға жол сілттейтін адам. Мұратханға әкесі секілді түсіндіріп жатыр-ау, үлкен кастрюлден ожаумен сорпаны өркімге құйып беру оңай емес екенін, еттің өркімнің ожауына іліге бермейтінін, тағы сол сияқты дәлелдерді айтып жатыр. Мұратхан дегеніңіз айтқанынан қайтар емес, ол ет неге орыс бөліміне келгенде ожауға ілігеді, ал бізге келгенде ілікпейді, ожау қысқа болса, ағаштан сап жасап алсын деген ұтымды ұсыныс жасап, бәрімізді күлдірген. "Ет тураушыда туысың болсын" деп қазақ бекер айтпаған ғой.

Бізге студенттік билет тапсырған декан Тауман Амандосов, ал бітіргенде диплом тапсырған декан Темірбек Қожақиев еді.

Қысқы сессиядан кейін ауылына барған студенттердің бір-екі күнге кешігіп келетін әдеттері болатын. Қожақиев ағай кешігіп келгендердің әрқайсысын тұрғызып:

- Студент..., сен неге кешіктің?
- Ағай, ауа райы болмай, самолет ұшпай қалды...
- Себеб емес, күн жарық, әуе ашықта неге шықпадың, бұдан былай саған стипендия жоқ.
- Студент..., сен неге кешіктің?
- Ағай, автобус жолда бұзылып қалып...
- Бұл да себеб емес, жаңа автобусқа неге отырмадың, оқудан шығасың!
- Студент Әмірғалиев Нұрқасым, сенің пойызың кешігіп келген шығар, о?
- Жок, ағай, мен кешікпей-ақ аман-есен жеттім.

көмектесіп, айтқан жеріне дейін жеткізіп салғанша уақыт өтіп кетіпті.

- Студент Әмірғалиев, сенің міндетің - оқу. Сен соқырларды жетектеп жүру үшін жүрген жоқсың, сенікі де себеп емес.

Ұстаз ағайымыз студент жауабының шындыққа жанаспайтынын бірден түсінді.

Студенттік өмір бізді білім алумен бірге, еңбек ете білуге де үйретті. Қолымызға күрек ұстамаған Гүлжа-

малға алғасымыз шексіз еді. Еңбегімізге сай, тіпті сол кезеңмен өлшесек, аяқ астынан байлыққа белшемізден баттық та қалдық. Гүлжамал екеуіміз уыстап алған

түсініп, бірден бізді басқа жұмыспен қамтамасыз етті. Сонымен құрылыс науқаны да аяқталып, Алматымызға оралдық. Құрылысқа барғандардың бәрі де риза болған шығар. Ал, Гүлжамал екеуіміздің бізді тізімге қосқан, жетекші болып алып барған Намазалыға алғасымыз шексіз еді. Еңбегімізге сай, тіпті сол кезеңмен өлшесек, аяқ астынан байлыққа белшемізден баттық та қалдық. Гүлжамал екеуіміз уыстап алған

Өмір-дерек



Әмірғалиева
Қапұза

1969-1974 ж.ж. ҚазМУ, журналистика факультеті.
1974-1984 ж.ж. Семей облысы Аякөз аудандық "Алға-Вперед" редакциясы - аудармашы, әдеби қызметкер, жауапты хатшы.
1984-1987 ж.ж. Семей облысы Жаңасемей аудандық көп таралымды "Гидростроитель" газеті - радиоүйымдастырушы.
1987-1993 ж.ж. Семей облысы Аякөз аудандық "Білім" қоғамы - жауапты хатшы.
1993-1995 ж.ж. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Тіл комитеті - мемлекеттік тілді дамыту басқармасының жетекші маманы.
1995-1997 ж.ж. Қазақстан Республикасы Ұлт саясаты комитеті - мемлекеттік тілді дамыту басқармасы, ономастика және терминология бөлімінің бас маманы.
1997-1998 ж.ж. Қазақстан Республикасы Білім және Мәдениет министрлігі Тіл саясатын ұйымдастыру департаменті - қазақ диаспорасымен жұмыс бөлімінің бас маманы.
2001 жылдан Тұрар Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті "Экономика" басымы - жетекші редактор.

мал екуіміз бір-ақ күнде екеуіміз "құрылысшы" болып шыға келдік. Екі ай шамасында Торғай облысы (қазіргі Қостанай облысы) "Маяк" совхозында құрылыста жұмыс істедік. Бізден Жанблат, Рахматәлі, Гүлжамал төртеуіміз, қалғандары төменгі курстан іріктелініп алынғандар.

Гүлжамал екеуіміз бірінші күннен бастап, соңғы күнге дейін намысқа тырысып, жігіттерден қалмай жұмыс жасадық.

ақшамызға құдалыққа баратындай киіндік, "Адам көркі - шүберек" деп, не керегі бар, құлпырып шыға келдік.

Өмірдің өзі елес емес пе, 30 жыл дегеніңіз тәйірі, немене, өте шықты. Кездесуді ұйымдастырушы жігіттерге өз басым өте ризамын. Кездесудің арқасында 30-35 жылға кейін шегініп, жасарып қалдым.

Өмір-дерек



Жанболат
Әлиханұлы Аупбаев



1951 жылы туған. 1969 жылы Алматы облысының Нарынқол селосындағы мектепті бітірген соң, ҚазҰУ-дің журналистика факультетіне келіп, оқуға түсті. 1974 жылы республикалық "Лениншіл жас" газетіне стажер болып жұмысқа орналасты. 1986 жылға дейін осы басылымда кіші әдеби қызметкер, аға корреспондент, бөлім меңгерушісі болып еңбек етті. 1987-1991 жылдары "Қазақстан коммунисті" журналында жауапты хатшы, 1992-1996 жылдары "Халық кеңесі" газетінде бас редактордың орынбасары, 1997-1998 жылдары "Ақиқат" журналында бас редактордың бірінші орынбасары, 1998-2003 жылдары "Егемен Қазақстан" газетінде бас редактордың орынбасары, қазір осы газеттің бас редакторы.

Ж.Ә.Аупбаев Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. "Мынау ғажап дүние", "Жанарымда - туған жер", "Оққа тосылған XX жүрек", "Сырымды саған айтам", "Ғұмыр-дария", "Таңғажайып тағдырлар", "Бізге беймәлім бейнелер", "Елім менің ертегі", "Өмірге тандана қара!" секілді он екі кітаптың авторы.

Өмір-дерек



Хамзина Клара



1974-1978 жылдары журналистика факультетінде, 1978-1999 жылдары университет жанындағы жоғары оқу орындары оқытушыларының білімін жетілдіру институтында, 1999-2001 жылдары "Санат" баспасында қызмет атқарды.

"Жалғас" ("Санат", 1999 ж.) және "Қыз-ғұмыр" ("Қазығұрт", 2003 ж.) атты повесть-монолоғ, әңгімелер жинағының авторы. Үш баланың анасы, бір немеренің әжесі.

Өмір-дерек

Берішбай Төлеген
Сақтағанұлы



1950 жылы туған. 1967 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін Атырау облысы Махамбет ауданының "Малды өңір" газетінде корректор, әдеби қызметкер болып еңбек жолын бастады. 1968 жылы сол облыстағы Балықшы аудандық "Каспий таңы" газетінде әдеби қызметкер болған. 1969-1974 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті журналистика факультетінің студенті. 1974-1978 жылдары Атырау облыстық "Атырау" газетінде тілші, аға тілші, 1978-1983 жылдары республикалық "Жас Алаш" (ол кезде "Лениншіл жас") газетінің Қазақстанның батыс аймақтары бойынша (Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстары) тілшісі, 1983-1987 жылдары Атырау облыстық "Атырау" газетінің бөлім меңгерушісі, 1987-1988 жылдары Атырау облысы Балықшы аудандық "Каспий таңы" газеті редакторының орынбасары, бас редакторы, 1988-1993 жылдары Атырау облысы Құрманғазы аудандық "Серпер" газетінің бас редакторы. 1993-1994 жылдары Атырау облыстық теледидарының бас редакторы, 1994-1999 жылдары Атырау облыстық телерадио компаниясының төрағасы. 1999-2000 жылдары Атырау облыстық "Атырау" газеті бас редакторының орынбасары, Махамбет атындағы театрдың әдебиет бөлімінің меңгерушісі, 2001 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің баспасөз хатшысы, консультанты. 2002 жылдан күні бүгінге дейін "Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорнының кординаторы.

Отбасылы - қыздары Жаннат пен Алтынай. Жаннат Атырау облыстық телекоммуникация дирекциясында жұмыс жасайды. Алтынай - Атырау университетінің 4-курсінде оқиды. Жұбайы Ұлжан - 1953 жылы туған еді. 2002 жылы Атырау облыстық телекоммуникация дирекциясының финанс-экономика бөлімінің бастығы болып істеп жүрген кезінде дүниеден өтті. Тұңғышы - 1976 жылы туған ұлы Қайрат та 2001 жылы 25 жасында жұмыста жүріп қайтыс болды.



Өмір-дерек



Сәулебек Жәмкенұлы

Көп жылдар республикалық «Қазақстан коммунисті» журналында қызмет істеді. Одан кейін ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы аппаратында редактор болды. Алғашқы халықаралық газет «Zaman»



Қазақстан» басылымының орнығуына көп еңбек сіңірді.

Астанада Қазақпарат агенттігінің тілшілер қосынын құрды. Содан кейін заң саласына ауысып, ҚР Жоғарғы Соты Төрағасының Баспасөз хатшысы болды. Қазір ҚР Бас Прокуроры Баспасөз қызметінің басшысы. Заң кеңесшісі. Журналистерден шыққан алғаш прокурор.

Курстастар әзілі

Марқұм Дәуітәлі Стамбековпен «Қазақфильм» шағын ауданында көп жыл көрші тұрдық. Бір күні көлігімен жұмыстан қайтып келе жатсам, алдымнан Дәуітәлі ағам шыға келді. Жаны қалмай қол көтерген соң, тоқтай қалдым.

- Сәукен, бас ауырып тұр, не істейміз, - дейді қиналып.

Ол бір ішімдік атаулы жоғалып кеткен кез болатын. Қаланың жықпыл-жықпыл жерлерінде түрік ағайындар жасырып арақ сатады.

- Ой, Дәу-аға, ондай алтын басты жазу керек қой. Отыр машинаға, көрсет «турчатиғиді», - деймін гой баяғы.

«Алатау» совхозының бір пұшағы болу керек, заулаған бетімізбен бір қырга шыға келдік. Етекте жамыраған жер үйлер. Бізге таяу үйдің алдынан бір әйел шығып, қолын бұлғағандай болады.

- Дәуке, қайда өлгі арақ сататындар?

- Ойбай-ау, әні тұр гой, «алыстан сермен, жүректен тербен, шымырлап бойға жайылған», - демесі бар ма Дәукеңнің өлгі қол бұлғап тұрған әйелді нұсқап.

Оқуымызды бітіріп, қызметке енді араласқан кезіміз. Жанболат екеуіміз пәтер жалдап бірге тұрамыз. Сыбырымыз бен күбіріміз де бірге болды ма, екеуіміздің де әйелдеріміз бірге босанды. Қалада қалған курстастарымызды жинап, азын-аулақ ішлехана жасадық. Бір кезде сараң тобықты деді ме, надан тобықты деді ме, әйтеуір, елдің бір қызыртпа әңгімесін айтып, Дәуітәлі мен Тұрсын ұстасты да қалды.

- Әу, бұл Алматы астана гой, мұнда ең құрығанда жүзге бөлініп соғысады. Сен екеуіңдікі не, айдалада отырып, атаға бөлініп айқасын... - деп, біздің Жәкең ана екеуіне басу айтып отыр.

Бір сылбыр сабақтың бірі. Қошқарбай «Правда» оқыт отыр екен.

- Қошан, газетіңді бере тұршы, - деймін ішім пысқан мен.

- О-о-орысша гой... - демесі бар ма Қошыкемнің «мен болмасам, сенің тісің батпайды» дегенге келтіріп.

Диаматта «Қажеттіліктен туған кездейсоқтық» деген бір категория бар гой. Сол Диаматы түскірден емтихан тапсырып жатырмыз пышылдап. Алдымызда Әбішев қақшып отыр. Бір кезде «Жұматаев» деген дауысы саңқ ете қалды.

Атып тұрған Жұматаевтың қойнынан Диаматтың дәу көк кітабы жерге сарт ете қалды.

- Не, андағың, найсап!

-Қажеттіліктен туған кездейсоқтық қой, ағай, - деді Қошыкең жүлып алғандай.

-Молодец, әкел зачеткеңді, - деді ағайымыз риза болып.

Өмір-дерек



Лімтон Сәуле Мұқанқызы



1969-1974 ж.ж. ҚазМУ-дің журналистика факультетінде студент.

1974-1975 ж.ж. Қазақ радиосының «Үшқын» жастар редакциясында әдеби қызметкер.

1975-2000 ж.ж. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде әдеби қызметкер, коммерция бөлімінің меңгерушісі.

2000 жылдан бастап жеке кәсіпкер.

Өмір-дерек



Жүрсімәмбетова Бибізәуре



1969-1974 ж.ж. ҚазМУ-дің журналистика факультетінде студент.

1975-1977 ж.ж. «Қайнар» баспасында редактор.

1977-1980 ж.ж. «Қазақстан үгітшісі» журналында әдеби қызметкер.

1980-1990 ж.ж. «Ауыл шаруашылығы» журналында әдеби қызметкер.

1990-1997 ж.ж. «Ауыл газеті» газетінде әдеби қызметкер.

Өмір-дерек

Сүйеубеков Жорабек Маханұлы



Университетті бітірген соң жолдамамен Оңтүстік Қазақстан облысындағы Ленгір қалалық газетінде бөлім меңгерушісі болып журналистік қызметті бастады.

Одан соң Ленин, қазіргі Қазығұрт аудандық газетінде бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, редакторы қызметін атқарады.

Жорабек Маханұлы ҚКП Ленин аудандық комитетінің нұсқаушысы, аудандың мәдениет бөлімінің меңгерушісі қызметін ойдағыдай атқарды. 1997 жылдан бері Қазығұрт аудандық халықты жұмыспен қамту бөлімінің бастығы қызметінде.

Екі ұл, үш қыздың әкесі. Қызы Ақмарал ҚазҰУ-дің филология факультетін бітіріп, қазір Шымкент қаласындағы N45 мектепте ұстаз. Екінші қызы Айсәуле, ол да осы жолды тандады. Ұлы Нұрбек ішкі істер органында қызмет етеді. Екінші ұлы Сапабек ағылшын тілінің аудармашысы болып қызмет етуде. Әсем 9 сынып оқушысы. 5 немеренің атасы. Жұбайы Балнұр орыс тілі пәнінің мұғалімі.

Өмір-дерек



Роза Өмірзаққызы



1969 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түсті. 1974 жылы аталмыш білім ордасын жақсы бітіріп, туған еліне қайта оралды. Өзінің өмірлік тандауы ретінде қос мамандықты - ұстаздық пен журналистиканы қатар тандады. Таразы басын тең ұстады. Екі саланы да шебер меңгерді.

Міне, содан бері жылдар жылжып, ай аунап 30 жыл уақыт өтті. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дейді халық даналығы. Барлық саналы ғұмырын шөкірт тәрбиелеуге, халықты ағарту саласына арнаған жан мейірбан жүректі, текті мінезді, жасымас жігерлі болмағы шарт. Әріптес, құрбы-құрдастары Розаның осындай талап биігінен табыла білгенін растары хақ. Әр үйдің айы мен күні, аспандағы жұлдызына баланған ұл-қыздары оның әрбір сабағын асыға күтеді. Тәжірибелі маман оқушыларының елшілік рухтағы азамат болып қалыптасуына бар күш-қуатын жұмсап, мемлекетіміздің ертеңгі тұтқасы болар жас буынды тәрбиелеп келеді.

Роза отбасылық өмірде де бақытты. Жұбайы Айдынның мамандығы инженер-механик. Тұңғышы Қабыланбек ғылым жолын тандаған аспирант болса, Ерланы студент, Лаурасы мектеп оқушысы. Қабыланбегі шахмат, тоғызқұмалақтан, Ерланы велоспорттан шеберлікке кандидат. Лаурасы домбыра, фортепиано үйірмесіне қатысады.

Өмір-дерек



Бектемірова Салиха

1969-1974 ж.ж. ҚазМУ-дің журналистика факультетінде студент.

1975-1977 ж.ж. Торғай облысының Қима аудандық «Қиматаңы» аудандық газетінде әдеби қызметкер.

1977-1979 ж.ж. Қостанай облысының Боровской аудандық атқару комитетінде нұсқаушы.

1979-1982 ж.ж. «Қайнар» баспасында аға редактор.

1982-1996 ж.ж. Фрунзе (қазіргі Медеу) аудандық атқару комитетінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісі.

1996-1997 ж.ж. Қазақ-америкалық конпорциумында менеджер.



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты.

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Т.Ә. КОЖАМҚҰЛОВ - ректор;
Н. ОМАШҰЛЫ - проректор;
Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;
М.Т. МҰҚАШЕВА - «Парасат» кәсіподағының төрайымы;
Е.Ж. ӘБІЛҚАЙЫРОВА - ғылыми кітапхана директоры;
А.А. ШВЫДКО - ақпараттық-саралтамалық бөлімнің бастығы;
Л. ҚАЙЫПОВА - студенттердің «Сұңкар» кәсіподағының төрайымы.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор - Бекжан Әшірбаев;
Бас редактордың орынбасары - Нәйле Садықова;
Жауапты хатшы - Дариға Амангельдиева;
Теруші - Айтгүл Бабасова;
Көркемдеуші-беттеуші - Айдын Әбдібекұлы;
Фототілші - МАМЫРЖАН;
Кезекші редактор - Руслан Бөлекбай.

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-кабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.

Нөмір редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» баспаханасында (Жандосов көшесі - 55) 21.06.2004 жылы басылды.

Бағасы келісім бойынша. Тарауымы - 200 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. № 355 талпырыс.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның қозғарасын білдірмейді.

Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

«Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басыла, сілтеме жасалуы міндетті.